

**Әйтеке би ауданы бойынша қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 55 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 сәуірде № 3-2-132 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 07 шілдедегі № 125 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданының әкімдігінің 07.07.2016 № 125 қаулысымен**

**Ескерту. Қаулының атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 08.02.2013 № 27 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамту мақсатында, Әйтеке би ауданының әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қылмыстық-атқару инспекциясының пробация қызметі есебінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орнынан босап шыққан тұлғалар және интернат мекемелерінің кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының жалпы санының бес пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімдігінің 08.02.2013 № 27 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. "Әйтеке би аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бас бостандылығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды белгіленген квотаға сәйкес бос жұмыс орындарына орналасуға жолдамамен қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т.Б.Рахметовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан Әкімі:

А.Бердалин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК